

**«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім  
басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
«Шал ақын ауданының білім бөлімі » коммуналдық  
мемлекеттік мекемесі «Жаңаталап бастауыш мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Мектепалды даярлық сыныбының өзін-өзі бағалауы**

Жаңаталап бастауыш мектебінде 2022-2023 жылы мектепалды даярлық сыныбы болды. Мектепалды даярлық сыныбы мектеп ғимаратында орналасқан.

### **Мақсаты:**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты баланы адамзаттық рухани-адамгершілігі мол, салауатты өмір салтын ұстанатын, ұлттық салт-дәстүрді қадірлейтін жан-жақты тұлғаны дамыту болып табылады.

### **Міндеттері:**

- физикалық дамыту ;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру да келесі қағидаларды назарда ұстану : Ойын арқылы оқыту; Әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

### **2022-2023 оқу жылында тәрбие –білім беру процесін ұйымдастыру нормативтік –құқықтар негізінде құрылды.**

Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиелеу-білім беру қызметін:

1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

2) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

3) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы);

Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнына сәйкес міндеттері айқындалады. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің ұзақтығы 25-30 минутты құрайды.

Мектепалды даярлық сыныбы 5 сала бойынша жұмыс жасайды.

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттерінің бірі – болашақ бірінші сынып оқушысының мектепте оқуға қажетті жеке қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту /денсаулық/
- коммуникативтік дағдыларды дамыту /коммуникация/
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту /таным/
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту /шығармашылық/
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды / әлеуметтік орта/ қалыптастыру арқылы іске асырылады.

### **Денсаулық білім беру саласы бойынша.**

Жүру (жай , тез, тізбектеп, жұбымен жүру), жүгіру, еңбектеу, өрмелеу, секіру, лақтыру, тепе – теңдік сақтау бойынша құзіреттілік көрсеткіштері бойынша қазіргі таңда балалар жақсы деңгейге көтерілді. Атап айтсақ , нысанаға асырып лақтыра алады, допты қағып алады, кедергілер арасынан жүре алады, орындық үстімен жүре алады, ұсақ заттарды лақтыра алады.

**Коммуникативтік білім беру саласы бойынша.** Балалардың құзіреттілік көрсеткіші жыл басында әріптерді танымайтын, буынды қосып оқи алмайтын, буынға бөле алмайтын, ертегіні түсініп айта алмайтын. Қазіргі таңда балалар өткен әріптерді таниды, буындарды қосып оқиды, буынға бөліп қандай әріптен басталатынын айтады, әңгімені мұқият тыңдап, түсінеді, білген ертегісін, әңгімелерін еркін айта алады.

**Шығармашылық білім беру саласы бойынша.** Балалардың құзіреттілік көрсеткіштеріне тоқтала кетсек, балалар әуенді жақсы қабылдайды, естиді, қосылып айтады, билейді, қазақтың ұлттық аспаптарын ажырата алады.

**Әлеуметтік білім беру саласы бойынша.** Балалар өз бетінше әрекеттене алады, құрдастарымен араласады, мінез- құлықтары мәдениетті, эмоциялық жағдайлары жақсы, балалардың барлығыда қарапайым, адамгершілік дағдылары жақсы.

### **Таным білім беру саласы бойынша құзіреттілік көрсеткіштері.**

1 – ден – 20 – ға дейінгі сандарды таниды, 20- ға дейінгі сандарды қосып алады, геометриялық пішіндерді таниды. Соның ішінде, дөңгелек, үшбұрыш, сопақша, төртбұрыш, жарты бұрыш, пішіндерін таниды, ажырата алады. Құрастыру әрекеті бойынша, көлік түрлерін ажырата алады, құрастырады, көпір , саты, үйшік, қораны құрастыра алады. Айналаны бағдарлай алады, соның ішінде жоғары төмен, оң, сол, алды, арты, үсті , асты ажырата алады. Көлемін бағдарлауда балалар кең, тар, үлкендігі, кеңдігін, аумағын тең екендігін ажырата алады. Сонымен қатар:

сөйлеу ағынында берілген дыбысты бөлу; буынға бөлу; 3-4 сөзден тұратын сөйлем құру; суреттер сериясына, сюжеттік сурет бойынша, берілген тақырыпқа әңгіме құрастыру; заттар туралы әңгімелер құрастыру (ересектерге ұсынылған жоспар бойынша); шағын әдеби мәтіндердің мазмұнын өз бетінше, мәнерлі, дәйекті түрде жеткізу.

Сөздің дыбыстық-буындық құрамын талдау және синтездеу дағдылары: берілген дыбысты сөзден ажырата білу (мұндай дыбыс бар ма, жоқ па); сөздердегі бірінші және соңғы дыбысты ажырату; дыбыстың орнын, сондай-ақ олардың саны мен сөздегі дыбыстардың сабақтастығын анықтау; сөздегі буын санын анықтау, берілген буын санымен суреттерді таңдай білу.

Грамматикалық дұрыс жазылған сөз: сөзді өзгерту мен сөзді қайта жазуда әртүрлі тәсілдерді қолдану (үстел-шағын үстел, кілем-шағын кілем, шие тосабы, ананас шырыны-ананастық); сөйлеу кезінде зат есімдерді жекеше және көпше түрде (құлақ – құлақтар, жапырақ-жапырақтар, көптеген қарындаштар) құрастыру және қолдану; зат есімдерді сын есімдермен үйлестіру (қызғылт юбка, жасыл пальто); қатыстық сөйлемдерде және тәуелдік сын есімдерді (түлкінің құйрығы, аюдың құлағы) дұрыс қолдану; қарапайым ғана емес, сонымен қатар күрделі көмекші сөздерді және т.б. қолдану (үстелдің астынан, ағаштың арқасында).

Қарапайым математикалық түсініктерді дамыту және математика негіздерін оқытуға дайындық мыналарды қамтиды: берілген мөлшердегі заттарды есептеу және санау; жиырма саны шегінде тікелей және кері есептеу; берілген саннан алдыңғы және кейінгі санды атай білу; цифрларды білу: 0, 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9;

цифрлармен заттардың санын сәйкестендіре білу; геометриялық фигураларды білу: (шеңбер, сопақ, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш); шеңберді, төртбұрышты екі және төрт бөлікке бөлу мүмкіндігі; торкөз қағаздың парағына бағдарлай білу.

### Қорытынды :

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 3 тармақшасы ,4 тармағына сай тәрбиелеу мен білім беру қызметі құрылған

### Тәрбиеленушілердің сандық құрамы

№	Оқу жылы	Балалар саны
1	2022-2023	3
2	2023-2024	0
3	2024-2025	0

### Мектепалды даярлық сыныбының педагог құрамы туралы мәлімет

Мектепалды даярлық сыныбында 1- тәрбиеші , білімі жоғары , 0,5 жүктемеде қызмет істеді.

№	Тәрбиешінің аты - жөні	Білімі , бітірген оқу орны	Диплом бойынша мамандығы	Лауазымы	Жұмыс өтілі	Санаты	Курстан өткен жылы
1	Мұхатжанова Шамшия Апсановна	жоғары , қайта даярлау курсы КМҚҚ «М.Жұмабаев атындағы Петропавл гуманитарлық колледжі	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешісі	Тәрбиеші	39	I	27.11.2020 куәлік № 0359059

( Қосымша құжаттары қоса беріліп отыр)

<https://cloud.mail.ru/public/WUxL/3ZZf2Tg6M>

### Біліктілікті арттыру курсы туралы мәлімет

Аты-жөні	лауазымы	Курстан өту жылы	Курстың тақырыбы	Сағаты	Біліктілікті арттыру курсының өту орны
Мухаметжанова Шамшия Апсановна	тәрбиеші	27.11.2020	Мектепке дейінгі білім беру мазмұны жаңарту жағдайындағы әдістемелік жұмыстың ұйымдастырушылық – педагогикалық аспектілері	72	"Өрлеу" БАҰО акционерлік қоғамының филиалы "Солтүстік Қазақстан облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты"

(құжат қоса беріліп отыр)

<https://cloud.mail.ru/public/Hicx/QjFqkVqaS>

( Біліктілік санаты туралы құжат қоса беріліп отыр )

<https://cloud.mail.ru/public/YNCU/fjsRNIHEX>

## **Қорытынды :**

Мектеп алды даярлық сыныбың тәрбиешісінің мамандығы дипломға сай келеді ,біліктілікті арттыру курстарының өту мерзімі сақталған.Біліктілік санатын беру туралы куәлік 2022 жылдың 1-ші қыркүйегіне дейін жарамды.Шағын орталықтың жабылу туралы 2021 жылдың 1-ші қыркүйектегі қаулыға сәйкес қайта біліктілік санатын растауға өтініш берілмеді.2022-2023 оқу жылы ауылға бір бала көшіп келуіне байланысты жоспардан тыс мектепалды даярлық сыныбы ашылды.2023 жылдың маусым айынан мектепалды даярлық сыныбы жабылды.

## **Педагогтың міндеті:**

- Қызметтік инструкцияны, ішкі жұмыс тәртібін сақтау;
- Педагогикалық этиканың нормасын сақтау;
- Балалардың денсаулығы мен өмірін сақтау;
- Баланы тәрбиелеу мен оқыту мәселелері бойынша ата-аналарымен жұмыс жасау

Мектепалды даярлық сыныбының жұмыс жоспары

1 жастан 5(6) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға арналған үлгілік жоспар бойынша құрастырылды.

(оқу жоспары қоса беріліп отыр )

<https://cloud.mail.ru/public/m2Qf/Hh6s4U6qF>

Сабақ кестесі

<https://cloud.mail.ru/public/7xXG/kCueGpgCr>

Қоңырау кестесі

<https://cloud.mail.ru/public/KF21/BsN4amQRR>

Мониторинг және баланың даму картасы

<https://cloud.mail.ru/public/REMD/jRwVuuf3B>

Мониторинг бастапқы 2022-2023 оқу жылы

<https://cloud.mail.ru/public/19NX/eeRZBXZGs>

Мониторинг аралық 2022-2023 оқу жылы

<https://cloud.mail.ru/public/3jL4/Dmu7gDQta>

Мониторинг қорытынды 2022-2023 оқу жылы

<https://cloud.mail.ru/public/zFmM/eoXxhs9a9>

*Стандарт талаптары* бала дамуының 3 деңгейі болуын қарастырады және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылады:

- 1) 1-деңгей – бала белгілі бір қимыл мен біліктерді қайталай алады;
- 2) 2-деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие;
- 3) 3-деңгей – бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады.

*Мониторинг нәтижелерін алу әдістері:*

- балаларды бақылау;
- әңгілелесу;
- бала әрекетінің өнімдерін талдау;
- жағдаяттар.

*Жетекші әдіс* – бақылау, ол балаға табиғи жағдаятта, күнделікті өмірде жүргізіледі.

*Диагностиканы жүргізу кезеңдері:* жылына 3 рет – оқу жылының басында, ортасында және соңында:

-бастапқы – қыркүйек;

-аралық – қаңтар;

-қорытынды–мамыр.

Аралық бақылау I жартыжылдық қорытындысы бойынша жүргізіледі, ол әр баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің динамикасын анықтайды. Қорытынды бақылау II жартыжылдық соңында өткізіледі, ол Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында анықталған балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейіне сәйкестілігін анықтауға мүмкіндік береді.

**Бастапқы бақылауға** 3 бала қатынасты оның 3-уі орташа 100%, төменгі деңгей 0 көрсетті.

**Аралық бақылауға** 3 бала қатынасты ,оныу 2-уі жоғары деңгей 67%,1-уі орташа деңгей 33%.

**Қортынды бақылауға** 3 бала қатынасты , оныу 2-уі жоғары деңгей 67 %,1-уі орташа деңгей 33%.

Жалпы мектепалды сыныбының білім білік дағдылары жақсы.

### Жиынтық есеп

балалардың біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы,аралық, қорытынды (қажеттінің астын сызу )

бақылау нәтижелері бойынша

«Жаңаталап бастауыш мектебі » КММ

2022– 2023 учебный год

№	Атауы	Балалар саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей
1	Мектепалды сыныбы	3	0	3	1
	Барлығы	3	0	3	0
			Төменгі деңгейдегі балалардың үлесі%	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі <b>100 %</b>	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі %

### Жиынтық есеп

балалардың біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы,аралық, қорытынды (қажеттінің астын сызу )

бақылау нәтижелері бойынша

«Жаңаталап бастауыш мектебі » КММ

2022– 2023 учебный год

№	Атауы	Балалар саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей
1	Мектепалды сыныбы	3	0	3	1
	Барлығы	3	0	3	0
			Төменгі деңгейдегі балалардың үлесі%	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі <b>100 %</b>	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі %

## Жиынтық есеп

балалардың біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы, аралық, **қорытынды**  
(қажеттінің астын сызу)

бақылау нәтижелері бойынша

«Жаңаталап бастауыш мектебі» КММ

2022–2023 учебный год

№	Атауы	Балалар саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей
1	Мектепалды сыныбы	3	0	3	1
	Барлығы	3	0	3	0
			Төменгі деңгейдегі балалардың үлесі%	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі <b>33 %</b>	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі <b>67%</b>

### Өзін-өзі бағалаудың қорытындысы :

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес құрылды.

**Перспективалық жоспарды** ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша тәрбиеші оқу жылы басталғанға дейін жылына бір рет жасайды. Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалады.

Бұдан басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы күн тәртібіне сәйкес толтырылады және іске асырылады.

Перспективалық жоспар 2022-2023

<https://cloud.mail.ru/public/VywQ/6BgUGyogN>

**Циклограмма** әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылады.

Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;
- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;
- әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімді болуын қарастыру

Мектепалды даярлық сыныбының оқу жұмысының жоспарында : «дене шынықтыру» 3 сағат, «сөйлеуді дамыту» 2 сағат, «көркем әдебиет» 2 сағат, «сауат ашу негіздері» 3, «қазақ тілі» 2 сағат, «математика негіздері» 3 сағат, «қоршаған ортамен таныстыру» 2 сағат, «сурет салу», «мүсіндеу», «жапсыру», «құрастыру» -1 сағат, «музыка» 2 сағат.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру да келесі қағидалар назарда ұстанылады : Ойын арқылы оқыту; Әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту. Сондай-ақ, балаларға ойын барысында бастама танытуға, өз қызығушылықтарына сәйкес әрекеттерді таңдауға мүмкіндік беріліп отырады.

Циклограмма 2022-2023

<https://cloud.mail.ru/public/2Wqk/5fziGaqzf>

### **Қосымшалар**

(2 қосымша) <https://cloud.mail.ru/public/rChW/dY2T9AxDu>

(3 қосымша) <https://cloud.mail.ru/public/R48V/aG6emUMPX>

(4 қосымша) <https://cloud.mail.ru/public/8bCi/Ffo7qSiDw>

(5 қосымша) <https://cloud.mail.ru/public/dgRs/qcZreRaXc>

### **Қорытынды мен ұсынымдар**

Жаңаталап бастауыш мектебі мектепалды сыныбының бір жылдық өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілді. Мектепалды сыныбы оқу тәрбие мен мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті – басқару құжаттарына негізделіп іске асырылды.

Өзін-өзі бағалау мектептің аттестатталатын кезеңдегі барлық бағыттар бойынша қызметін көрсетеді.

**Ұсыныс** : Балалардың жеке даму карталарын зерделеу кезінде балаларға байланысты монологиялық мәлімдемелерді құруда, сюжеттік және тақырыптық суреттер, жеке тәжірибелерден қысқаша сипаттамалық әңгімелер құрастыруда қиындықтар туындағаны анықталды



